

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 және 2002 жылғы 22 мамырдағы N 550 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 қараша N 1178. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.27. N 1191 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер штат санының лимиттерінде :

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген 1-бөлімінде :

"Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" деген жолдың 3-бағанындағы "53" деген сан "55" деген санмен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 мамырдағы N 550 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 14 , 150 - құжат) :

2-тармақтың 3) тармақшасында "5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын ;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесінің), жарғысында:

20-тармақта "үш вице-президенті болады." деген сөздер "төрт вице-президенті болады." деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК